



**Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 250-45/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 тамызда № 6906 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 315-58/4 шешімімен

**Ескерту. Қызылорда қалалық мәслихатының 26.03.2020 № 315-58/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының  
кезектен тыс XXXXV сессиясының  
төрағасы, қалалық мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облысының  
жұмыспен қамтуды үйлестіру  
және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасы" мемлекеттік мекемесімен*

*М. КӘРІМБАЕВ*

Қызылорда қалалық мәслихатының 2019  
жылғы 23 тамыздағы №250-45/2  
шешімімен бекітілген

**Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары (бұдан әрі

- Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия - өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер азаматтың (отбасының) өтінішін қарау бойынша қала әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі - "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының Статистика департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - Қызылорда қаласының әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде Қызылорда қаласының аумағында жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (бұдан әрі - ЖАО);

5) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қиын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы;

10) учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген азаматтардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері**

5. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының, әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері:

1) 9 мамыр - Жеңіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға - 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай -ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

2) 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай:

саяси қуғын-сүргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға - 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

3) 15 ақпан - Ауғанстан аумағынан совет әскерлерін шығару күніне орай:

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдар, оның ішінде басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде);

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге;

ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне;

Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы

КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және материалдық көмек ретінде біржолғы 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар, оның ішінде: бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер, әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы

құрамындағы адамдар - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және материалдық көмек ретінде біржолғы 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 26 сәуір - Чернобыль АЭС-індегі апатқа ұшырағандарды еске алу күніне орай:

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

5) 29 тамыз - Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орай: азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға - 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет.

6. Әлеуметтік қолдау ретінде әлеуметтік көмекті алушылардың санаттары:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;

2) атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларына қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруге - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын (оқу жылы кезеңінде) көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей, уәкілетті ұйымның ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 25.02.2020 № 309-57/1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде алушылар санатының тізбесі мен әлеуметтік көмектің шекті шамалары:

1) табиғи зілзалананың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келген зардабын жоюға - бір рет, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен аспайтын, әрбір отбасы мүшесіне 40 айлық есептік көрсеткішке дейін, бірақ бір отбасына 150 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

2) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға - ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

3) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауыратын диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне - ай сайын 7,6 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге әлеуметтік көмек, жылына бір рет - шекті шама 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде көрсетіледі;

5) азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер негіз болуы мүмкін.

8. Балалар үйінің түлектеріне (интернат үйінің тәрбиеленушілері), сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспайтын отбасынан шыққан:

бала кезінен мүгедектер, мүгедек балаларға;

ата-анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын балаларға;

ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын балаларға;

асыраушысынан айрылған балаларға;

көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;

оралман отбасылардан шыққан балаларға;

жетім балаларға;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға.

Жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің аспайтын аз қамтылған отбасылардан шыққан, өңірге қажет мамандықтар бойынша күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын балаларға:

колледж және жалпы білім беретін мектептен кейін "Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін - жылына бір рет, 392 айлық есептік көрсеткіштен артық емес

;

жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған "Магистр" академиялық дәрежесін алу үшін - 420 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

Қазақстан Республикасының медициналық білім және ғылым ұйымдарында резидентурада медицина кадрларын даярлау үшін - жылына бір рет, 530 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде әлеуметтік көмек тағайындалады.

9. Әлеуметтік көмек алуға үміткерлер уәкілетті органға қажетті құжаттарды тиісті жылдың 25 тамызына (қоса алғанда) дейін ұсынады.

10. Әлеуметтік көмекті тағайындағаннан кейін уәкілетті орган және әлеуметтік көмекті алушымен білім беру қызметтерін көрсетуге екі жақты шарт жасасады.

11. Әлеуметтік көмек алушы ақшалай қаражаттар түскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оқуға төлемақы жүргізеді және уәкілетті органға төлеу туралы түбіртекті ұсынады.

12. Келесі оқу жылдарға әлеуметтік көмек жыл сайын тиісті оқу жылының басында төленеді.

13. Әлеуметтік көмек алушы себепсіз, жүйелі түрде оқуға қатыспағаны немесе үлгірімі төмен болуына байланысты жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда, оқуға төленген соммалары жергілікті бюджетке ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтарылады.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) азаматтың (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Бұл ретте, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, азамат (отбасы) уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округтың әкіміне, өмірлік қиын жағдай туындаған сәттен бастап үш ай мерзімінен кешіктірмей өтініш білдіреді.

17. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын азаматтың (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

19. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша азаматтың (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, азаматтың (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді. Кент, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған



құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып ) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

#### **4. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

26. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші азаматтың (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін Қызылорда қалалық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру**

29. Әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктердегі және банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы алушылардың жеке шоттарына ақшалай сомаларды аудару жолымен жүргізіледі.

30. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

31. Әлеуметтік көмек беруге шығыстарды қаржыландыру аудан бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

## 6. Қорытынды ереже

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына 1-қосымша

## Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты отбасының (азаматтың) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (елді мекен)

1. Өтініш иесінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

2. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдай \_\_\_\_\_

4. Отбасының құрамы (отбасында нақты тұратындар ескеріледі) \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқуорны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайтадаярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_ жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу құны жылына теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғыс мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт

адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек) \_\_\_\_\_

Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше - көрсету керек): \_\_\_\_\_

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар: \_\_\_\_\_

**Отбасының табысы:**

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқышаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	

6. Мыналардың: автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі): \_\_\_\_\_

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі): \_\_\_\_\_

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолдары) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_ Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы,

күні \_\_\_\_\_ (өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады).

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына 2-қосымша

### **Учаскелік комиссияның № \_\_\_\_\_ қорытындысы**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген азаматтың (отбасының) \_\_\_\_\_ (

өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты) өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы) азаматқа (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолдары) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Қорытынды қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_ данада 20 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_ қабылданды құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына 3-қосымша

**Отбасының тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_**

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ (Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекен жайы, телефон)

Р/с №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ (қолы)

Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы № 250-45/2 шешіміне қосымша

## **Қызылорда қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі**

1. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 106-16/4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5981 тіркелген, 2017 жылғы 13 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде жарияланған);

2. "Әлеуметтік көмек көрсету, оны мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №106-16/4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қазандағы № 115-17/7 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6025 тіркелген, 2017 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде жарияланған);

3. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №106-16/4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 11 ақпандағы № 213-36/2 шешімінің (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6697 тіркелген, 2019 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК